



№ 31 (1415)
11 қазан,
2011 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

«Сенбі. Сабақтың соңғы күні. Десек те, қалашықтағы топ-тобымен жүтіріп жүрген студенттердің қай ғимараттың қай жерде орналасқанын сұрап, бірнәрсені білуге тырысып жүруі демалыс күннің емес, сессияның жақындағанына ұқсас көрініс береді» - деген ойым дұрыс болмай шықты. Бұл сессияның емес, «Ақсүйек in the city» ойынының басталуы екен...

ҚазҰУ-дағы ЖАҢА ДӘСТҮР

Қазақта күн батарда, жастардың басын қосып, достастықтарын нығайтуға бағытталған дәстүрлі ойын «ақсүйек» деп аталады. Қазіргі жастар бұл ойынды ойнамайды десек қате болар. Олай деуіміздің себебі, бұл ұлттық ойынға қазулықтар жаңаша бағыт беріп, ақсүйекті басқаша іздеудің алғышарттарын қалыптастырды.

2011 жылдың 8 қазанында Жоғары Студенттер кеңесі өз қатарларына, яғни ҚазҰУ қалашығы тұрғындары қатарына «Kaznucityfest» іс-шарасы арқылы 1-курс студенттерін қабылдады. Қуанышты көңіл-күй мерекеден бұрын-ақ сезіле бастады. «Жастар» алаңында жиналған 1-курс жастары жоғары курс студенттері өздерін арнайы қиындықтан өткізіп, сынаитынын білгендей барынша дайындықпен келіпті. Бірлік киім формасы, әр жатақхананы өкілділік ететін топ ұраны, тіпті арнайы би қимылдары әзірленгені белгілі болып шықты. Бұл өз кезегінде топ мүшелері арасындағы ұжымдық рух пен топ арасындағы бәсекелестіктің артуына себеп болып, мерекенің өте қызу өтуіне ықпал етті.

Мерекенің алғашқы – ресми бөлімі ҚазҰУ қалашығының директоры Әбдіқаһар Сейітжановтың құттықтау сөзімен басталып, Жоғары Студенттер кеңесінің төрайымы Сәуле Аязбаеваның және Жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлім бастығы Данияр Сүндетбаевтің «Ақсүйек in the city» ойынын бастауға ресми рұқсатын алуымен жалғасты.

(Жалғасы 3-бетте)

АТҚАРЫЛАР ШАРАЛАР САРАЛАНДЫ



Әлемдік топ-университеттер қатарында белгілі дәрежеде алға жылжып, халықаралық деңгейде қалыптаса түскен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұжымының алдында жаңа міндеттер мен талаптар қатары да артып отыр. Ұлттық зерттеу университетіне айналу жолында құрылымдық жаңаруды кешкен білім шаңырағының 10 қазанда өткен кезекті Ректорат мәжілісінде университеттің ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспары жан-жақты қарастырылды. Жаңа мақсаттар мен міндеттерді бірінші проректор Мұқамбетқали Бүркітбаев ректор баяндамасында белгіленген тапсырмалар негізінде баяндады.

Ағымдағы оқу жылының жұмыс жоспары оқу-әдістемелік жұмыс, ғылым және тәрбие бағытында өрбіді. Бірінші қозғалған мәселе оқу-әдістемелік оқулықтарды шығаруға арналды. Бұл бағытта университет баспасында кезекті көп күт-

тірмес үшін өзге де баспаханаларға тапсырыс беріп, оқытушы-профессорлардың оқулықтарын жариялау және халықаралық стандарттарға сай келетін электронды оқулықтарды жасау қарастырылды.

Оқулықтардың басым саны мемле-

кеттік тілде жарыққа шығуы талап етіліп, олардың саны мен сапасына бірдей мән аударылу жүктелді. Бірінші проректор оқулықтарды бірізділендіруге бағытталған негізгі жұмыстарды атап өткеннен кейін кезекті бірлескен халықаралық білім бағдарламаларындамытуды тілге тиек етті. Бұл тапсырманың жүзеге асуына магистранттар мен докторанттар үлесінің ерекше екендігі айтылып, шетелдік жетекші университеттермен қос диплом бағдарламасын дамыту керектігі де сөз болды.

(Жалғасы 3-бетте)

ӘРІПТЕСТІК

МНЕНИЕ

Шәкірт тәрбиелеуге БАҚ та атсалысады



Университетіміздің ректоры, академик Ғалым Мұтановтың тікелей бастама-сымен ҚазҰУ қазірде классикалық үлгіден жаңа үлгідегі зерттеу университетіне айналу бағытында үлкен жұмыстарды өткеріп жатқаны белгілі. Осы жолда қара шаңырақ – инновацияға негізделген білім, инновациялық инфрақұрылым, жаңаша ойлау қабілеті мен ұжымдық мәдениет, бәсекеге негізделген орта және басқарудың қазіргі заманға лайықталған жүйесі секілді ірі бес қағиданы ұстанып отыр. Аталған бағыттарды жүзеге асыруда университетте ректор, факультет деканы және ғылыми-зерттеу ұйымдары қол қойған үшжақты келісімшарттар негізінде студенттердің тәжірибелік біліктілігін арттыру жолдары қарастырылып жатқанын бұған дейін де хабарлағанбыз. Осы орайда ендігі кезек журналистика факультетіне келіп жетті.

(Жалғасы 2-бетте)

Совершенству нет предела...

Центром карьеры и бизнеса в 2010-2011 учебном году проведено выборочное анкетирование работодателей, в котором приняло участие более 400 компаний, представляющих различные сферы деятельности. Среди опрошенных такие крупные компании, как Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В., КазМунайГаз, Казатомпром, Казцинк, Казахстан, Фонд Самрук-Қазына, Microsoft Казахстан, Казэкология, Народный банк Казахстана, KPMG, Kazyna Capital Management, Deloitte, НИИ и др.

(Продолжение на 3 стр.)

Шәкірт тәрбиелеуге БАҚ та атсалысады

(Басы 1-бетте)

Бүгінде ҚазҰУ жоғарыдағы аталған бес шартты шынайы түрде жүзеге асыру үшін арнайы бағдарлама жасап шығарды. Негізінде зерттеу университетіне қойылатын басты талап іргелі және қолданбалы ғылыми жетістіктерді барынша көбейту болып саналады. Сол ізденістердің нәтижесін оқу үдерісіне енгізіп, сол негізде жоғары технологиялар жасап, инновациялық құндылықтарды дүниеге әкелу қажет. Студенттерді осы сатылардан өткізетін болсақ, олар болашақта еліміздің кадрлық әлеуетін толықтай қалыптастыра алатын болады.

Инновациялық бағытты дамыту үшін университет әрбір салада тәжірибенің нақ ортасы саналатын ғылыми-зерттеу мекемелерімен, сол салаға қатысы бар ұйымдармен келісімшартқа отырып, студенттердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруды басты назарға алып отыр. Міне, осы ауанда кезекті ректор мәжілісінде ректор Ғалым Мұтанов және журналистика факультетінің деканы Есберген Алауханов бірқатар журналистік ұйымдармен ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойды. Олардың ішінде Қазақстан ақпарат кеңістігіндегі ең беделді бұқаралық ақпарат құралдары бар. Мәселен, үшжақты келісімшартқа Қазақстан журналистер одағының және Ұлттық



баспасөз орталығының президенті Сейітқазы Матаев, «Мысль», «Ақиқат», «Үркер» журналдары мен «Ана тілі», «Экономика» газеттерін біріктіретін «Қазақ газеттері» ЖШС президенті Жұмабек Кенжалин, «Жұлдыз», «Сын» және «Простор» журналдары, «Қазақ әдебиеті» газеті және «Ан-Арыс» баспасын біріктіретін «Қаламгер-Медиа» орталығы атынан «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Жұматай Шаштайұлы, «Ұлан», «Дружная ребята» газеттері және «Балдырған», «Ақжелкен» журналдарын біріктіретін «Жас өркен» ЖШС бас директоры Жүсіпбек Қорғасбек, «Юридическая газета», «Заң» газеті және «Әділ сот», «Фемид» журналдарын іріктіретін «Заң-медиа» корпорациясының президенті Досымбек Өтеғалиев, «Қазақ» радиосының бас дирек-

торы Ғалымжан Мелдеш және «Айқын» газеті бас редакторының орынбасары Ермахан Шайхыұлы қол қойды.

Бұл меморандумдар арқылы болашақта әріптестік нығайтып, бірлескен жобалар іске асатын болады. Өз кезегінде Жұмабек Кенжалин «ҚазҰУ түлектері, журналистика факультетінің студенттерін жұмысқа алуға тырысамыз. Біліктілігі мен білімін дәлелдеп, олар біздің тараптан қойылып отырған сенімді ақтап келеді» деп атап айтты. Сондай-ақ, «Айқын» газеті редакциясында журналистика факультетінің шәкірттеріне арналған зертханалық сабақтар өткізіліп, теорияны тәжірибемен ұштастыруда басылым нағыз шеберхана болып отырғандығы туралы Ермахан Шайхыұлы да тілге тиек етті.

Қол қойылған меморан-

думның негізгі мазмұны студенттер үшін зор мүмкіндік әрі шыңдалатын алаң болып табылмақ. Өйткені дәл қазіргі уақыт бәсекелестіктің қызып тұрған заманы. Осыған байланысты Жүсіпбек Қорғасбек: «Бүгін заманмен бірге талап та өзгерді. Мені қуантатыны жастардың бойында білімге деген, инновацияға деген құштарлық басым. Бұл келісім осы жағынан жаңашылдыққа деген ұмтылыс болмақ», - деді. Ал «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Жұмабай Шаштайұлы жастарды тәрбиелеуде кісіліктің, адамгершіліктің алар орнына тоқталды. Ол болашақ қаламгерлерді кісілік тұрғысынан тәрбиелеуде осы құжат сеп болса екен деген тілегін де білдірді.

Бір айта кетерлігі, келісімге қол қойған бұқаралық ақпарат құралдары басшыларының барлығы ҚазҰУ журналистика факультетінің түлектері. Сондықтан да қара шаңырақтың мәңгі өз жүректерінен орын алатынын айтқан олардың жылы лебіздері аса шынайы шығып жатты. БАҚ басшыларының келешек «төртінші билік» өкілдерін тәрбиелеуге шын ықыластарымен атсалысатындықтарын білдіруі университет басшылығы тарапынан жылы қабылданды. Бұл зерттеу университеті бағытына қарай ойыса бастаған ҚазҰУ саясатының тағы бір тиімді қадамы деуге болады.

Еңлік АҚЖІГТ

ПОЗДРАВЛЯЕМ!

ҚЫСҚА-НҰСҚА

5 қазанда журналистика факультетінің профессор Т. Қожакеев атындағы мәжіліс залында ақын, журналист Аманхан Әлімұлының «Өткірдің жүзі» атты публицистикалық мақалалар жинағынан құралған кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Публицистикалық шығармалар жинағы биыл «Қазығұрт» баспасынан жарық көрді. Тұсаукесер рәсіміне Қ.Жұмаділов, С.Әсімов, О.Сәрсенбаев, К.Әмірбек, Т.Әбдірайымұлы, Н.Жүсіп, Б.Әшірбаев, Б.Сүлейменов, Е.Муратов, Қ.Түменба, Т.Медетбек, Т.Көпбаев сынды қазақтың белгілі ақын-жазушылары мен майталман журналистер, сондай-ақ журналистика факультетінің басшылығы мен оқытушылары және студенттер қатысты.

Зиялы буынның басын қосқан жаңа кітап тұсаукесерінің мағынасы өте мәнді де жоғары болды. Әсіресе, енді қалыптасып келе жатқан жас журналистердің алдына үлкен бағыт-бағдар сілтеді. Тағылымға толы тұсаукесерде сөз алған М. Әуезовтің шәкірті, жазушы Оразбек Сәрсенбаев кітап авторы Аманхан Әлімұлының қайыспас ерлігі мен мұқалмас жігері оның жазған дүниесінен де, өн бойынан да кездесетіндігін айта келіп, автор жарияланымдарына шырқыраған шындықтың арасынан шыққан көсемсөз деген баға берді.

6 қазанда философия және саясаттану факультетінің жалпы және этникалық педагогика кафедрасында дәстүрлі «Өнерлі студент» байқауы өтті. Университеттің деңгейде өткен байқауға «Куратор-эдвайзер мектебінің» жетекшілері А.К. Мынбаева, Ұ.Б. Төлешова ұйытқы болды. Онда қазулық студенттер таныстыру, билеу, ән айту, мәнерлеп оқу, қол өнер және театрланған қойылым бойынша сайысқа түсті. Жастардың өнерлеріне баға берген әділқазылар алқасы басқа да факультеттің кафедра оқытушылары мен «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрайымы құрады. Байқау нәтижесінде «әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы қазақ бөлімінің бірінші тобы бас жүлдені иеленсе, осы мамандықтың орыс тобы 1-ші, ал қалған екі топ 2-ші орындарды жеңіп алды. Тәрбиелік іс-шараның ұйымдастырылуына куратор-эдвайзерлер П.Т. Абдуллаева, Е.С. Оңалбеков еңбектерін атап өткен жөн. Болашақта бұл байқау факультет көлемінде өткізіледі деп жоспарлануда.

7 қазанда заң факультетінде студенттерге арналған «Елтітқа» атты пікірталас клубының тұсауы кесілді. Аталмыш пікірталас клубының салтанатты тұсаукесер рәсіміне ҚР ҰҒА академигі, з.ғ.д., ҚР жазушылар Одағының мүшесі Сұлтан Сартаев, «Парасат» орденінің иегері, кезінде ҚР Бас Прокуратурасында, Жоғарғы Сотта баспасөз хатшысы қызметтерін атқарған Көпен Әмірбек, з.ғ.д., профессор Арықбай Ағыбаев және заң факультетінің басшылары мен оқытушылары, студенттері қатысты. Алғашқы күннен-ақ клубта құқықтық сауаттылықты арттыру мәселелері қарастырылып, қызу талқы, пікірталас болды. Мамандар мен студенттер арасында сұрақ-жауап өрбіді.

Соб. корр.

Высокая награда

Проректору КазНУ им. аль-Фараби по экономическим и производственным вопросам Евгению Ану вручена высокая государственная награда Республики Корея за заслуги в деле укрепления и расширения отношений между Ю.Кореей и Казахстаном.

Среди 11 награжденных из Японии, Китая, США, Канады и других стран мира, Е.Ан стал единственным представителем не только Казахстана, но и СНГ. Награду 5 октября вручил Премьер-министр Южной Кореи Гим Тхэ Хо.

Евгений Алексеевич кандидат экономических наук, имеет большой опыт работы на руководящих должностях государственных органов и бизнес-структур, член правления Международного союза товаропроизводителей, лауреат премии им. А.Н.Косыгина «За вклад в развитие Российско-Казахстанских отношений».

В университете непосредственно с его участием реализуется план стратегического развития инновационной инфраструктуры вуза, инновационный проект по выпуску совместно с южнокорейской компанией «Blue Cop Security & System» многофункциональных электронных интерактивных досок. КазНУ

и Университет Корё начали реализацию проекта по созданию медико-биологического кластера. На территории кампуса планируется строительство медицинского центра площадью более 56 тыс. кв.м., в структуре которого будет современная больница для преподавателей и студентов г.Алматы, научно-исследовательская лаборатория, необходимая инфраструктура. В реализацию проекта предполагается инвестировать более 152 млн. долларов США.

«Это результат большой и кропотливой работы и высокая награда заслуга всего коллектива университета. Двойне приятно, что награду я получил в юбилейный год независимости нашего государства и в год Республики Корея в Казахстане», - отметил Евгений Ан во время чествования на заседании ректората.

Соб. корр.



ВИВАТ, ФИЛОЛОГИ!

СОБЫТИЯ

Со стихотворения «Любовь к филологии» из лирики вагантов (ваганты – средневековые бродячие студенты) началось задорное и веселое студенческое действо «Посвящение в филологи», состоявшееся на факультете филологии, литературоведения и мировых языков КазНУ им. аль-Фараби в рамках открытого кураторского часа.

Инициаторами, организаторами и идейными вдохновителями студенческого капустника стали кураторы-эдвайзеры кафедры русской филологии, русской и мировой литературы доценты Эльвира Когай и Ирина Юрицына, преподаватель Ксения Скляренко. Помогали состояться этому незабываемому празднику «почти что бакалавры» и «почти что магистры» факультета.

На мероприятие были приглашены представители департамента по воспитательной работе, руководства и преподаватели факультета филологии, литературоведения и мировых языков, студенты факультета журналистики. Гости праздника прослушали

в исполнении трио старшекурсников «Без пяти минут бакалавр филологии» лекцию «Легко ли быть студентом?», поучаствовали в практическом занятии «А ты записался в филологи?» и церемонии посвящения в филологи, посетили лабораторное занятие «Буримэ», отдохнули во время музыкальных и поэтических переменов.

На импровизированной сцене в этот день можно было увидеть то, чего классическая сцена точно не выдержала бы. На то это и студенческий капустник! Старшекурсники в поэтической форме раскрыли первокурсникам тайны студенческой жизни: посвятили их в особенности быта



и учебы, проэкзаменовали преподавателей (кстати, они на «отлично» сдали экзамен по «Преподаванию»), совершили «сакральный» обряд «Знание и слезы», вручили новоиспеченным студентам «Почти что зачетные книжки» с автографами наставников.

После произнесения клятвы и торжественной церемонии посвящения в рыцари филологии, проведенной заведующей

кафедрой русской филологии, русской и мировой литературы профессором Баян Джолдасбековой, студенты первого курса стали полноправными членами дружной семьи филологов. Посвящение надолго запомнится им ярким и зрелищным событием.

Выпускники бакалавриата и магистратуры передали студенческую эстафету творчества первокурсникам, которые оказались

сообразительными, веселыми, артистичными, креативными и очень симпатичными продолжателями традиций филфака.

В финале капустника все присутствующие спели средневековую студенческую песню «Прощание со Швабией» (в миру «Во французской стороне»), легшую в основу знаменитого гимна студентов всех времен и всех народов «Gaudeamus». Тухмановский хит, который знают, помнят и любят многие поколения студентов, прозвучал как доброе пожелание новоиспеченным первокурсникам, опытным выпускникам, нашим замечательным преподавателям, руководству факультета и университета, а также всем кто пришел на праздник. Связь поколений не прерывается. Студенческие традиции жили, живы и будут жить!

Виват, филологи! Виват КазНУ!

Эльвира КОГАЙ,
доцент кафедры русской филологии, русской и мировой литературы

АТҚАРЫЛАР ШАРАЛАР САРАЛАНДЫ

(Басы 1-бетте)

Ректораттың бұл мәжілісінде сонымен қатар қашықтықтан оқыту да назарға алынды. Ол ретте қараңғырақтың оқытушы-профессорлар құрамы бейне дәрістер мен виртуалды зертханалық жұмыстар кешенін дайындап, шетелдік университеттермен бірлесіп онлайн жүйесінде конференциялар ұйымдастыру қажет. Ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспарындағы оқу-әдістемелік бағыты бойынша оқытушы-профессорлар құрамының (ОПҚ) біліктілігін арттыру да маңыздылыққа ие. Ол ретте университеттегі ОПҚ үшін елімізде және алыс, жақын шетелдерде өтетін халықаралық конференцияларға, жиындарға қатысып, мақалалар жариялаудың үлесі зор. Ағылшын тілінде оқылатын пәндерді көбейтіп, ҚазҰУ оқытушыларына арналған семинарлар және шеберлік сыныптар ұйымдастырылып тұруы да айтылып, академиялық ұтқырлықты дамыта түсу де алдағы мақсаттарға жетудің сәтті жолы деп танылды. Сонымен қатар бірінші проректордың баяндамасынан белгілі болғандай, таныстыру-насихаттау жұмыстарын ұйымдастыру, жұмысқа орналасыру бағдарламасын дамыту да университеттің жаңа құрылымында үлкен табысқа жетелемек.

Ал биылғы оқу жылындағы ғылыми жұмыстарға тоқталатын болсақ, Мұқамбетқали Бүркітбаев өз баяндамасында ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға басымдық берді. Заманауи ғылыми-зерттеу институттарын, орталықтарын және зертханаларын құру

қолға алынып, жасалынған ғылыми-зерттеу жұмыстар нәтижелеріне аймақтық, облыстық тіпті, халықаралық деңгейде сұраныс туатындай жағдай жасап, сол жаңалықтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру тапсырылды.

Сондай-ақ, университет оқытушы-профессорларының ғылыми жарияланымдарын халықаралық беделді басылымдарда жариялануына қол жеткізу қажеттігі қозғалды. Сайып келгенде университеттің ғылыми-зерттеу әлеуетін арттыру және ғылыми, инновациялық қызметтердің оқыту үдерісінде бірігуін қамтамасыз ету жоғарыда айтылған міндеттердің нәтижесіне үлес қосатындығы ректорат мүшелерінің назарына ұсынылды. Халықаралық байланысты нығайтып, шетелдік университеттермен қатынасты арттыру, халықаралық академиялық ұтқырлықты дамыта түсу де ғылыми бағыты жетілдірудің негізгі бағытына жатқызылды.

Ғылыми бағытты топшалағаннан кейін ҚазҰУ-дың бірінші проректоры биылғы оқу жылында тәрбие саласына қойылатын міндеттер мен мақсаттарды тізбектеп, нақтылап өтті. Онда басымдық куратор-эдвайзерлер жұмысын дамытуға беріліп, факультеттік, университеттік деңгейде өткізілетін тәрбиелік бағыттағы семинар, дөңгелек үстел, кафедра күндері сияқты шаралардың санын арттыру, студенттердің үйірмелер мен клубтарға қатысуын көбейту, насихаттау жұмыстарын жетілдіре түсу керектігі баяндалды. Сонымен қатар, бірінші проректор ректорат мүшелерімен тек оқу ғимараттарында ғана емес, жатақханаларда да тәрбиеге баулытын іс-шаралардың өткізілуіне жете

назар аудару қажеттігі туралы кеңесті. Студенттердің азаматтық-патриоттық, мәдени және эстетикалық тәрбиесін арттыру да университеттің сапалық көрсеткішінде аса маңызға ие болатындығы және мұндай тәрбие жолдарының болашақ мамандарды тәрбиелеудің ұтымды жолы екендігі сараланды.

Ағымдағы оқу жылы тек жақсы білім сапасымен қолайлы жатақханамен ғана қамтып қою емес, студенттерді, қызметкерлерді салауатты өмір салтымен де қамтамасыз ету жағынан ерекшеленбек. Университетте СПИД-ке, шылымға қарсы акциялар мен іс-шаралар, студенттерді саламаттылыққа тәрбиелейтін жұмыстардың дер кезінде, лек-легімен ұйымдастырылуын дамыту қажеттігі айтылды.

Бұдан өзге университет имиджін әлі де жан-жақты насихаттап, дамыта түсу керектігі ректораттың басты талабы болды. Бұл бағытта білім мен ғылымның қара шаңырағы, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының көшбасшысы болып табылатын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің беделін елге танытып, атқарылып жатқан жаңалықтар мен жасампаздық жетістіктер жөнінде



қалың бұқараны таныстырып отыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында көбірек материалдар жариялану керектігі айтылды.

Ректор баяндамасында белгіленген тапсырмалар негізінде университеттің ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспарын баяндаған бірінші проректор М.Бүркітбаев 2011-2012 оқу жылында атқарылатын жұмыстардың сапасы мен көрсеткіші соңғы бес жылда жеткен нәтижеден де асып түсуі қажет деген ойымен бөлісті.

Биылғы оқу жылын жаңа белестермен бастаған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бұл баяндаманың жүктеген мақсат-міндеттерін сапалы түрде орындап шыққан жағдайда топ-университеттер рейтингінде биік дәрежеге көтеріле

түспек. Барлық күш-қайрат осы бағытта барынша аса жоғары қарқынмен жұмсалыу керек.

Ректорат мүшелері 2011-2012 оқу жылына арналған университет жұмысының жұмыс жоспарымен жетік танысқаннан кейін өзара ой бөлісіп, бұл міндеттерді атқаруға жұмылған жұдырықтай ынтымақтаса кірісу қажет деген тұжырымға келді. Ондай қарқынды қадамға ұжым дайын екендігін жеткізді. Ректор Ғалым Мұтанов жоспарды орындауда шетелдік әріптестікті дамыта түсу, мемлекеттік тілдегі оқулықтарды шығаруды арттыру қажеттігі туралы айтып, алдағы асуды алу барысында ұжымға сәттілік тіледі.

Саяғұл ӘЛІМБЕКОВА

P.S.

Ректорат мәжілісі барысында ҚазҰУ мен Жапония атом энергетикасы агенттігі ынтымақтастық туралы құжатқа қол қойып, аталған салада бірлесе ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге келісті. Сонымен қатар, ректорат мәжілісінде тағы бір ерекше қуанышты жағдай болды. ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты Кенжеғали Сағадиевтің өзі арнайы Астанадан келіп, ең білімді деген студенттерге өзінің атынан тағайындаған шәкіртақыларын ұсынды. Бұл білікті студенттерге арналған Кенжеғали Сағадиев атындағы шәкіртақы алдағы он жылда беріліп тұрмақ. Бұдан басқа ректорат отырысында Халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры Айжан Смаилова 27-29 қазан күндері «Зерттеу университеттерін қалыптастыру және олардың Қазақстан Республикасының инновациялық дамуына қосатын үлесі» тақырыбында өтетін халықаралық семинар-кеңесіне дайындық жөнінде баяндап, жоспар-жобаларымен бөлісті. Сонымен бірге ректор төл мерекелеріне орай «Парасат» кәсіподақ комитетінің қызметкерлерін құттықтап, ҚазҰУ-да еңбек еткеніне 50 жыл толған Анатолий Арещенконы алғыс хат және заттай сыйлықпен марапаттады. Ректор енді мұндай ардагер ұстаздардың арнаулы даталары ешқашан ұмыт қалмайтынын айтып, дәстүрге айналатынын жеткізді.

ЖАЛЫН ■

МНЕНИЕ ■



ҚазҰУ-дағы жаңа дәстүр

(Басы 1-бетте)

Мерекенің екінші бөлігін құраған «Ақсүйек in the city» ойыны ҚазҰУ қалашығындағы студенттердің білуге тиіс 16 объектісін арнайы тапсырмалар мен жұмбақтар арқылы іздеуінен тұрды. Тапсырмаларда тек маршруттарды табу емес, сонымен қатар университет тарихына қатысты сұрақтарға жауап беру керек. Мысалы, университетімізде көп уақыт ректор қызметін атқарған тұлға атындағы ғимараттағы жастарға арналған залға барыңыз. (Жауабы: Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер Сарайы; Жастар рухани орталығы) Осы тәріздес қызық тапсырмаларды орындауда 1-курс студенттері ерекше көңіл-күйде болғандарын жасырып қалмады. «Бұл ойынды ойнау арқылы мен ҚазҰУ-да велотұрақ бар екенін және оның қайда орналасқанын білдім. Бізге осындай керемет ойын ұйымдастырған жоғары

курс студенттеріне үлкен рахмет. Біз ҚазҰУ студенттер қалашығының тұрғыны деген атқа күрескенімізді және арнайы дәстүрді аттағанымызды сезінгенімізге қуаныштымыз» - дейді бір топ 1-курс студенті.

Соңында ойынның жеңімпаздары анықталды. Нәтижесінде 1-ші орынды №9 жатақхана тобы, 2-ші орынды №17 жатақхана тобы, 3-ші орынды №16 және №14 (халықаралық қатынастар факультеті) жатақхана топтары иеленді.

Нәтиже жарияланғаннан кейін қазақ эстрада жұлдаздарының қатысуымен би кеші өтті. Осылайша ҚазҰУ қалашығындағы «Ақсүйек in the city» ойыны дәстүрдің жаңаша түрін қалыптастырды.

Сандуғаш КАРТАЕВА,
Жастар ұйымдарымен жұмыс
жөніндегі бөлімнің жетекші маманы

Совершенству нет предела...

(Начало на 1 стр.)

Подавляющее большинство работодателей – 85% - высоко оценили (по пятибалльной системе) уровень теоретической, практической и профессиональной подготовки выпускников КазНУ, 15% - отметили удовлетворительный уровень.

Оценивая личные качества выпускников, 60% работодателей отмечали следующие сильные стороны - проявление инициативы, профессиональный интерес, готовность к командной работе, желание к дальнейшему обучению, эрудированность, уровень общей культуры.

70% работодателей удовлетворены уровнем подготовки выпускников КазНУ. Так, например, представитель Национальной компании «Казатомпром» А.Каймулдина считает, что благодаря тесному сотрудничеству с университетом и участию в ярмарке вакансий «КазНУ-2011», документы на трудоустройство представили более 300 выпускников вуза, которые были приглашены на собеседование. «Все претенденты продемонстрировали хорошие академические знания, лидерские качества и высокий потенциал для успешного карьерного роста», - подчеркнула она. 40 выпускников этого года механико-математического, экономического, юридического, химического и физического факультетов были приняты на работу.

«В этом году мы набрали 60 выпускников в Департамент аудита. Это показывает, что качество обра-

зования Казахского национального университета имени аль-Фараби соответствует международному стандарту KPMG. Мы очень надеемся, что, объединив усилия в рамках Совета работодателей, сможем внести вклад в подготовку ваших студентов и пополнение нашей профессиональной команды», - отметила представитель Международной компании KPMG Н.Осербаева.

Своим мнением поделился и сотрудник группы Всемирного Банка А.Абдуманапова: «Для меня было огромным удовольствием встретиться со студентами КазНУ и поделиться своим опытом. Студенты у вас отличные! Меня поразила глубина и острота вопросов. Не часто встретишь подобные вопросы в аудитории действующих менеджеров. Ребята просто молодцы!».

В ходе проведенного анкетирования работодатели отметили и слабые стороны профессиональной подготовки выпускников – небольшую способность работать независимо от других и приспосабливаться к меняющимся условиям, решать нестандартные задачи, недостаточный уровень знаний компьютерных технологий. Эти качества являются достаточно важными для успешной работы. Поэтому есть над чем поработать, чтобы соответствовать высоким требованиям работодателей. Как говорится совершенству нет предела, но к нему надо стремиться.

Соб. корр.

«Ректор кубогы» кімге бұйырды?



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірінші курс студенттері арасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «РЕКТОР КУБОГЫ» үшін спорттық сайыстар ұйымдастырылған болатын. 8 қазанда жарыс жеңімпаздарын марапаттау-спорттық мерекесі өтті.

Марапаттауда сөз алған ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов: «Бүгін барлығымыз бірігіп, жақсы дәстүрді бастап отырмыз. Биылдан бастап ректор кубогына 1-курс студенттері арасында спартакиада өткізу қолға алынды. Басты мақсат салауатты да, саламатты ұрпақ қалыптастырып, денсаулыққа көңіл бөлу, жат қылықтан аулақ болу. Біз әрқашан сау ұрпақпен мақтанаық», - деп

атап өтіп, жеңімпаздарды құттықтады. Жалпы спартакиадада спорттың 5 түрінен жарыс болды. Биыл бірінші курстарды қамтыған спорттық жарыс университет басшылығының айтуынша алдағы уақытта магистратура мен докторантурада да жалғасын таппақ. Жарыстағы ойын түрлерінен жеңімпаз атанған факульттерге тоқталатын болсақ, шахматтан 1-ші

орынды механика-математика факультеті, 2-ші орынды заң факультеті, ал 3-ші орынды химия және химиялық технологиялар факультеті иеленді. Ал шағын футболдан өткен жарыста 1-ші орын философия және саясаттану факультетіне бұйырса, 2-ші орын халықаралық қатынастар факультетіне, 3-ші орын химия және химиялық технологиялар факультетіне берілді. Бадминтон ойын түрінен 1-ші орынға экономика және бизнес жоғары мектебі лайық деп танылса, 2-орынға физика-техникалық факультеті, ал 3-ші орынға журналистика факультеті лайықталды. Үстел теннисінен 1-ші орын физика-техникалық факультеті, 2-ші орын экономика және бизнес жоғары мектебі, ал 3-орын биология және биотехнология факультетінің топтарына бұйырды. Стритбол спорттық ойын түрінен 1-ші орынды биология және биотехнология факультеті, 2-ші орынды экономика және бизнес жоғары мектебі, 3-ші-орынды механика-математика факультетінің 1-курс студенттері жеңіп алды.

Жарыс жеңімпаздарын марапаттау-спорттық мерекесінде сонымен қатар спортшылардың арнайы спорттық көрсеткіштері болды. Көрермендерге арналған көрсетілімді әскери дайындық факультеті бастап, аэробика, каратэ және т.б. қойылымдармен көрерменді қуантты. Университетіміздің 1-курс құрама командасы мен магистранттар-докторанттарының футболдан жолдастық кездесуі болды.

Еңлік АҚЖІПТ

ҚАЗҰУ РЕКОРДЫ

ЧЕМПИОНАТ

Еліміздегі жоғары оқу орындарының арасында студенттер саны жағынан да, дәрежесі мен беделі, сапасы жағынан да басым түсетін қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде студенттік жылдар да өзгеше, қайталанбас қызыққа толы. Небір таңдай қағарлық өнерлілер де, шеберлер де осы ортада табылып жатады. Сонымен бірге қайталанбас қызықты шаралар ұйымдастырылып, нәтижесінде рекордтық көрсеткішке жеткен студенттер анықталатыны тағы бар. Осы орайда газетімізден «ҚазҰУ рекорды» атты жаңа айдар ашып отырмыз. Көшбасшы білім ордасындағы жаңалықтарға қанық, қайталанбас қызыққа куә болыңыз.

ҚЫЗЫҚҚА ТОЛЫ ЖЕКСЕНБІ

Салауатты өмір салтын қолдау мақсатында ҚазҰУ қалашығында барша жатақхананың 1-курс студенттерімен бірлесіп керемет шара өтті. Жоғарғы студенттер кеңесінің ұйымдастыруымен әуелі таңғы сағат 7.30-да дене жаттығуларымен басталып, «Қара жорға» биімен жалғасты. Жалпы алаңға 1 курс студенттерінен 514 адам жиналып, ҚазҰУ-дың рекордтар клубына кірді. Спорттық киімде жиналған студенттер қалашықтағы жастар алаңында өн ырғағымен таңғы жаттығуларын жоғары көңіл күйде жасады. Жас ұрпақты салауатты өмір салтын ұстануға шақырған шарада волейбол, футбол, шахмат, үстел теннисі сияқты спорт түрлерінен жарыстар өтті.

Жалпы есеп бойынша халықаралық қатынастар факультеті суырылып алға шықса, II орынды механика-математика факультеті және III орынды химия және химиялық технологиялар факультеті жеңіп алды. Жексенбілік шара да концерттік бағдарламадан кем түспеді. Эстрада жұлдыздары Гүлбаршын Тергеубекова, «Байыр» тобы қонақта болып, өз ән-шашуларын арнады. Соны сағат 20.00-ге дейін би кешіне ұласты.

Дәмелі БЛӘЛОВА,
филология, әдебиеттану және әлем тілдері
факультетінің 1-курс студенті

Студенттер Сенаты – қазақ футболының жанашыры

Қазан айының 1-2 жұлдызында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Студенттер сенатының ұйымдастыруымен шағын футболдан қала чемпионаты өтті. Мұнда қырыққа жуық топ қатысты. Жарыстың деңгейі көрсеткендей, алаңдағы ойын көрермендер қауымынан да үлкен қолдау тапты. Мұндай келісті істер аталмыш жарыстың деңгейінің жемісті екендігін айқын дәлелдеді. Жарыс нәтижелерін саралайтын болсақ, III орынды «Бейбарыс», II орынды «Әулиеата» (ҚазҰУ командасы), I орынды «ҚазАТК» құрама командасы иеленді. Жарыс жеңімпаздарына диплом, кубок, бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Айы онынан туған «ҚазАТК» тобы жарыс деңгейінің жоғары дәрежеде екендігін, қатысқан топтардың деңгейі жыл санап өсіп келе жатқандығын баса атап көрсетті. Жалпы футбол ойыны секундтан секунд ұтуды қажет етсе, алаңдағы кірпік қақтырмас жылдамдық, жеке-леген ойыншылардың кәсіби шеберлігі әр топтың жарысқа жауапкершілікпен қарауы жігерімізге жігер қосқандығы белгілі. Жарысты ұйымдастырушы Студенттер Сенатының төрағасы, қазақ футболының жанашыры Нұрлан Әбдіқадыров өз сөзінде: «Салауатты өмір салтын насихаттау, жастардың



бос уақытын тиімді ұйымдастыру бағытындағы мұндай шаралар әлі де өзінің дәстүрлі жалғасын табады», - деді. Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында алда қойған жоспарлар көп, мақсат – айқын. Әрбір жастың жеке тұлға ретінде қалыптасып, теңізге тамған тамшыдай үлес қосуы жастар санасының жаңарып, жаңғыруын тағы да бір дәлелдеді. «Алтын алма, алғыс ал» демекші, жарыс соңында қатысушы барлық топтар ұйымдастыру комитеті, соның ішінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Студенттер сенатына зор ризашылығын білдірді. Студенттер сенатының мәліметінше, жарысқа өтініш беруші топтар санының толастамауы мұндайда дүбірлі доп додаларын ұйымдастыру алдағы уақытта да жалғасын табуына түрткі болмақ.

Дәурен САҒЫНҒАЛИЕВ,
Студенттер Сенатының мүшесі

МЕРЕЙТОЙ



С.Садырбаев – 80 жаста

11 қазан күні сағат 17⁰⁰-де Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында профессор С.Садырбаевтың 80 жасқа толу мерейтойына елімізге танымал тұлғалар мен қоғам қайраткерлері келеді деп күтілуде.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Құрметті профессоры, Ы.Алтынсарин және Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтардың лауреаты Сұлтанғали Садырбайұлының 2011 жылдың 11 қазанында Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында 80 жасқа толу мерейтойы аталып өтіледі. Сұлтанғали Садырбайұлы 1931 жылы 15 тамызда Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарақыстақ селосында туып өсті. 1950-1955 жылдары біздің университетте филология факультетінде оқыды, 50 жыл осы университеттің филология және журналистика факультетінде педагог-ғалым болып қызмет атқарып келеді. Бірнеше ғылыми кітаптардың, монографиялар мен оқулықтардың авторы. Қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың 6 томдық таңдамалы кітабын жарыққа шығарды. Сол үшін Үкімет марапаты берілді.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Сұлтанғали Садырбаевтың «Фольклор және эстетика» (1976), «Халық әдебиетінің тарихи негіздері» (1992), «Жамбыл және фольклор» (1996) деген көлемді монографиялары бар. Сондай-ақ қазақ фольклорын жинау, жариялау және зерттеудегі XIX ғасырдағы озық орыс оқымыстыларының еңбектері аталып көрсетіледі.

Қазақ және түркі әдебиетінің зерттеушісі С. Садырбаев 1975, 1990, 1996 жылдары қазақ поэзиясының жарық жұлдызы Сүйінбайдың өлеңдерін, айттыстарын, толғауларын құрастырып, алғы сөзі мен ғылыми түсініктемесін жазып, үш томдық шығармалар жинағын «Жазушы» және «Білім» баспасынан басып шығарды. Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы Сүйінбай мұражайының орнатылуына қамқорлық жасады.

Сол сияқты Қазақстанның халық ақыны, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Жамбыл Жабаевтың 1982, 1996 жылдары жарияланған екі томдық академиялық толық жинағының жалпы редакциясын басқарды, ғылыми түсініктемесін жазды.

2001 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми Кеңесінің шешімімен филология факультетінде «Қазақ фольклористикасы» деген ғылыми-зерттеу лабораториясы ашылды. Сол лабораторияның меңгерушісі болып профессор С.Садырбаев сайланды. 10 жылдың ішінде «Қазақ фольклористикасы» оқу-зерттеу лабораториясы жемісті жұмыстар жасауда. Атап айтқанда, «Спандияр Көбеев». Таңдамалы шығармалары. (2006 ж.), Қазақ фольклорының классикасы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының нұсқалары (2005 ж.), «Қыз Жібек», «Сөз асылы сөзде» (2009), Сүйінбай Аронұлы «Өлең сөздің жарық жұлдызы» және Жамбыл Жабаевтың 2 томдық таңдамалы шығармалары жарыққа шықты.

Қазақ әдебиетінің тарихы
және теориясы кафедрасы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Еңлік АҚЖІПТ
Талғат АХМЕТҚАЗЫ
Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.
Индексі 65989.
Тапсырыс №10596

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік бетпен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.